

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2016-2017 жылдарға арналған негізгі бағдарлары туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 5 шешімі.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2016-2017 жылдарға арналған негізгі бағдарлары бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтеріне макроэкономикалық саясатты жүргізген кезде осы Шешіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2016-2017 жылдарға арналған негізгі бағдарларын ескеруге ұсыным берілсін.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер макроэкономикалық саясат саласында іске асыратын шараларға мониторинг жүргізсін және мұндай шаралардың осы Шешіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2016-2017 жылдарға арналған негізгі бағдарларына сәйкестігін бағаласын.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қыргыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	------------------------------	---------------------------	-------------------------

Жоғары Еуразиялық
экономикалық кеңестің
2016 жылғы 31 мамырдағы
№ 5 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының 2016-2017 жылдарға арналған НЕГІЗГІ БАҒДАРЛАРЫ

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) сәйкес әзірленген және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 16 қазандағы № 28 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың экономикалық дамуының негізгі бағыттарымен белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған осы құжат Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – тиісінше Одақ, мүше мемлекеттер) экономикалары үшін неғұрлым маңызды 2016-2017 жылдарға арналған қысқа және орта мерзімді міндеттерді айқындауды және оларды шешу жөніндегі ұсынымдарды қамтиды.

2015 жылы мүше мемлекеттердің экономикалық дамуы сыртқы экономикалық конъюктурада теріс үрдістердің есу жағдайларында өтті, бұл ішкі теңгерімсіздіктердің терендеуіне және ұлттық экономикалардың құлдырауына әкелді.

Шикізат ресурстарын өндіру көлемін сақтау аясында әлемдік экономиканың есу қарқынының бәсендеуі мүше мемлекеттер экспорттайтын мұнайдың және негізгі шикізат тауарларының бағасын төмендеу үрдісін күшейтті.

2015 жылы энергия тасымалдағыштардың, металдың және ауыл шаруашылығы өнімінің әлемдік бағасы елеулі түрде төмендеді, осы тауарларға сұраныс азауының аясында ұлттық экономикалардың импортқа жоғары тәуелділігін сақтай отырып, экспорттың кірістерді елеулі қысқартуға әкелді және мүше мемлекеттердің төлемдік теңгерімдерінің жай-қүйіне теріс әсер етті.

Теріс әсердің күшеюіне дамушы нарықтардан дамыған нарықтарға инвестициялық ағындарды қайта бағдарлаудың жаһандық үрдістеріне де компаниялардың сыртқы қарыз міндеттемелерін өтеуіне байланысты мүше мемлекеттерден капиталдың сақталған жылыштауы ықпал етті.

Сонымен қатар мүше мемлекеттердің төлемдік теңгерімдеріне импортты бәсендетудің елеулі қарқындары он әсер етті, алайда ұлттық экономикалардың жоғары ашықтығы, оның ішінде импортталатын өнімге ұлттық өндірістердің маңыздылығы мүше мемлекеттердің теріс сыртқы тәуекелдердің әсер ету жағдайларында әлсіреуін арттырады.

Мүше мемлекеттердің неғұрлым икемді бағыт қалыптастыруға өтуі және осының салдарынан олардың ұлттық валюталары бағамдарының резервтік әлемдік валюталарға қатысты әлсіреуі сыртқы нарықтарда мүше мемлекеттер тауарларының бағалық бәсекеге қабілеттілігін арттырды және бірқатар мүше мемлекеттердің экспорттың кірістерінің құлдырауын қысқартты, сондай-ақ олардың халықаралық резервтік активтеріне қысымды төмендетуге ықпал етті. Сонымен қатар мүше мемлекеттердің ұлттық валюталары бағамдарының елеулі құбылмалығы экономикалық қызмет субъектілерінің девальвациялық және инфляциялық күткендерін арттыруға, Одақтың ішкі нарығында импорттың және ұлттық өнім бағасының өсімін жылдамдатуға және мүше мемлекеттер тұрғындарының нақты кірістерін азайтуға әкеліп соқты.

Жалпы жеке және заңды тұлғаларға кредит беру қарқындарын төмендету арқылы бұл факторлар мүше мемлекеттерде тұтынушылық және инвестициялық белсенділікті және жалпы ішкі сұранысты қысқартуға әсер етті.

Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасында ішкі сұранысқа басқа мүше мемлекеттерде еңбек қызметін жүзеге асыратын азаматтардың ақша аударымдары көлемінің қысқаруы да теріс әсер етті.

Армения Республикасының, Қазақстан Республикасының және Қырғыз Республикасының экономикалық даму қарқындарының 2015 жылы 2014 жылмен

салыстырғанда тиісінше 103,5 пайыздан 103,1 пайызға, 104,4 пайыздан 101,2 пайызға және 104,0 пайыздан 103,5 пайызға бәсендөуімен сипатталады.

Теріс сыртқы және ішкі факторлардың әсер ету жағдайларында Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясында 2015 жылдың қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнімнің тиісінше 96,1 пайызға және 96,3 пайызға қысқарғаны байқалады.

Мұше мемлекеттердің үкіметтік және ұлттық (орталық) банктегі қабылдаған шаралар ұлттық экономикаға сыртқы экономикалық конъюктураның қолайсыз әсер етуін жұмысартуға ықпал етті.

2015 жылы мұше мемлекеттердің интеграциялық процестерінің тереңдеуі мен тауарлардың, капиталдың, қызметтер көрсетудің және жұмыс күшінің еркін қозғалысына жағдай жасау негізі болып табылатын Одақтың жұмыс істей бастауы мұше мемлекеттердің сауда-экономикалық ынтымақтастырын жандандыру үшін жаңа мүмкіндіктер жасады және Одақ саудасының ортақ көлемінде өзара сауданың меншікті салмағын ұлғайтуға ықпал етті.

Мұше мемлекеттердің арасында өндірістік-экономикалық байланыстарды одан әрі дамыту мұше мемлекеттердің келісілген макроэкономикалық саясат жүргізуі үйлестіру қажеттілігін күшейтеді.

Мұше мемлекеттердің негізгі экспорттық тауарлары бағасының өсімі үшін алғышарттардың болмауы аясында сыртқы жағдайлардың күтілген нашарлауы Одақ деңгейінде және ұлттық деңгейде мұше мемлекеттер экономикалырының орнықтылығын арттыруға және қалыптасқан теріс экономикалық ахуалдың салдарларын еңсеруге бағытталған тиімді бірлескен шаралар қабылдау бойынша мұше мемлекеттердің күш-жігерлерін шоғырландыруды талап етеді.

Осыған байланысты мұше мемлекеттер 2016-2017 жылдары іске асыратын макроэкономикалық саясаттың негізгі бағдарлары мұше мемлекеттердің мынадай:

макроэкономикалық орнықтылықты қамтамасыз ету: инфляция деңгейін тұрақтандыру жөнінде шаралар қабылдау, мұше мемлекеттердің бюджеттік жүйелерінің теңгерімділігін ұстап тұру, мемлекеттік басқару секторының қарыз бойынша орнықтылығын қамтамасыз ету;

орнықты даму мен экономикалық өсімді қалпына келтіру үшін жағдай жасау: мұше мемлекеттердің экономикалырын әртараптандыру, қаржы құралдары көздерін кеңейту және негізгі капиталға салынатын инвестициялардың көлемін өсіру мақсатында кредиттік ресурстарға қолжетімділікті арттыру, өзара сауданы жандандыру және Одақтың ішкі нарығын дамыту, сыртқы сауданы дамыту және өткізу нарықтарын әртараптандыру бағыттары бойынша өзара іс-қимылын тереңдету мен бірлескен күш-жігерлерін жандандыруды қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

I. Макроэкономикалық орнықтылықты қамтамасыз ету

2015 жылы мүше мемлекеттердің экономикаларына қолайсыз сыртқы экономикалық факторлар мен ішкі макроэкономикалық теңгерімсіздіктердің әсерін тұрақсыздандыру күшейді, бұл Шартта көзделген экономикалық даму орнықтылығын айқындайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің нашарлауына әсер етті.

2015 жылы мүше мемлекеттердің нарықтарына импорттық және ұлттық өнім бағасының ұлғаюы негізінен ұлттық валюталар бағамдарының әлсіреуіне, валюталық тәуекелдердің артуына және экономикалық қызмет субъектілерінің инфляциялық күтуінің өсуіне негізделді. Бірқатар мүше мемлекеттерде тұтынушы бағасының өсуіне табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсетуіне тарифтердің ұлғаюы да үлес қосты.

Осы факторлардың әсер етуімен Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы 2015 жылдың қорытындысы бойынша Шарттың 63-бабында белгіленген инфляция деңгейін есептеу мәні (алдыңғы жылдың желтоқсанымен салыстырғанда желтоқсан) тиісінше 7,1 пайыздық тармағына, 8,7 пайыздық тармағына және 7,9 пайыздық тармағына артқан.

Мүше мемлекеттердің негізгі сауда әріптері экономикаларының өсу қарқындарын бәсендеуі аясында олардың негізгі экспорттық тауарларын сұраныс пен бағаның төмендеуі мүше мемлекеттер бюджеттерінің кіріс бөлігін қалыптастыратын түсімдердің өсу қарқындарына теріс әсер етеді.

Контрциклдік экономикалық саясат жүргізуге байланысты шоғырландырылған бюджет шығыстары қарқындарының оның кірістерінен артуы мүше мемлекеттердің бюджеттік саласында теңгерімсіздіктердің өсуіне ықпал етті.

Резервтік әлемдік валюталарға қатысты мүше мемлекеттердің ұлттық валюталары бағамдарының төмендеуі және мүше мемлекеттерде шетелдік валютада қарыз міндеттемелерінің болуы мемлекеттік басқару секторының ұлттық валюталардағы қарыз сомасы мен оған қызмет көрсету бойынша бюджеттер шығыстарының ұлғаюына ықпал етті. Мүше мемлекеттер бюджеттерінің шығыс бөлігінің кіріс бөлігінен асып түсіү жағдайларында кейбір мүше мемлекеттер өз бюджеттерінің тапшылығын қаржыландыру үшін қарыз құралдарын пайдалануға мәжбүр болуда.

2015 жылы барлық мүше мемлекеттерге қарыз жүктемесінің ұлғаюы тән. Қырғыз Республикасында мемлекеттік басқару секторының қарыз деңгейі Шартта белгіленген шекті сандық мәнге жетті.

Осылайша, барлық мүше мемлекеттерде макроэкономикалық тұрақсыздық белгілері байқалады, бұл өз кезегінде әрбір мүше мемлекет пен жалпы Одақтың экономикалық дамуына теріс әсер етеді.

Осыдан байланысты барлық мүше мемлекеттер қолданылған құралдардың жинағын кеңейту және мынадай негізгі бағыттар бойынша макроэкономикалық орнықтылыққа қол жеткізу қол жеткізу мен оларды ұстап тұру жөнінде күш-жігерді жандандыру қажет

Мыналарды қоса алғанда, инфляция деңгейін тұрақтандыру жөнінде шаралар қабылдау:

мүше мемлекеттердің инфляцияны таргеттеу режимінде ақша-кредит саясатын жүргізуге және осы режимге өту үшін жағдайлар жасауға өтуі бойынша жұмысты жалғастыру;

инфляция деңгейі бойынша орта мерзімді бағдарларды айқындауға ұстанымдар дайындау;

әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтер көрсету бағасының елеулі өсуіне жол бермеуге бағытталған тетіктерді жетілдіру мен шараларды іске асыру, сондай-ақ мұндай тауарлар мен қызметтер көрсетудің тізбелерін өзектендіру;

бәсекелестіктің жалпы қағидалары мен бағаны мемлекеттік реттеу тәртібін бұзушылықты айқындау;

мүше мемлекеттердің бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамалары мен мүше мемлекеттердің аумақтарында бәсекелестік қағидаларын бұзушылықтың жолын кесу;

әлеуметтік маңызы бар сауда-саттық тауарлары бағасының маусымдық құбылуларын төмендету құралы ретінде сатып алынатын және тауарлық интервенцияларды іске асыру мен дамыту;

неғұрлым төмен баға бойынша тауарларды сатуды қамтамасыз ететін және мүше мемлекеттердің тұрғындары үшін тауарлардың қолжетімділігін арттыратын бөлшек сауда құралдарын (электрондық сауда, қойма дүкендер, жәрменкелер және т.б.) кеңейту;

тұтынушылар мен өндірушілер мұдделерін сақтауды есепке ала отырып, табиғи монополиялардың қызметтер көрсетуіне тарифтерді экономикалық негізделген реттеу;

монополия жай-куйіндегі мүше мемлекеттердің нарықтарын оларды оңтайлы реттеу және бәсекелестік нарықты ықтимал қалыптастыру мәніне талдау;

мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарын өзара сауда саласында пайдалануды жандандыру үшін жағдай жасау.

Мыналарды:

мүше мемлекеттер бюджеттерінің кіріс бөлігін, оның ішінде салық жүйесін жетілдіру мен салықтық әкімшіліктендерді тиімділігін арттыру арқылы ұлғайтууды;

кеден органдары мүше мемлекеттердің бюджеттеріне әкімшіліктендердің төлемдердің түсімін ұлғайту мақсатында кедендік әкімшіліктендерді сапасы мен тиімділігін арттыруды;

экономиканы дамытудың стратегиялық басым бағыттары мен секторларына ресурстарды шоғырландыру есебінен бюджеттік шығыстарды оңтайланудыруды;

мемлекеттік басқару секторы бюджетінің қалыптасқан тапшылығын есепке ала отырып, бюджеттің пайыздық емес шығыстарының өсу қарқындарын түзетуді;

бюджеттік жүйелердің тенгерімділігін арттыру мақсатында қаржылық емес активтермен жасалатын операцияларды жандандыруды қоса алғанда, мүше мемлекеттердің бюджеттік жүйелерінің тенгерімділігін ұстап туру.

Мыналарды:

Шартта белгіленген мемлекеттік басқару секторы қарызының сандық мәнін сақтау мақсатында мүше мемлекеттердің экономикалары үшін негұрлым күрделі кезеңдерде шарықтау шегі жүктемелерін болдырмау үшін қарызды басқару бойынша стратегиялар әзірлеу мен іске асыруды;

мемлекеттік басқару секторына қарыз жүктемесін ұлғайтпайтын тетіктерді пайдалану арқылы басым жобаларды қаржыландыру мүмкіндігін қарауды;

сыртқы нарықта қарыз алу тәуекелдерін барынша азайту үшін ішкі көздер есебінен бюджет тапшылығын қаржыландыруды қамтамасыз етуді қоса алғанда, мемлекеттік басқару секторының қарыз бойынша орнықтылығын қамтамасыз ету.

Көрсетілген шараларды қабылдау мүше мемлекеттердің экономикалық өсу қарқындарын қалпына келтіру мен өсіру үшін негіз болып табылатын макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың экономикаларының теріс сыртқы әсерлерге орнықтылығын арттыруға ықпал ететін болады.

II. Орнықты даму мен экономикалық өсуді қалпына келтіру үшін жағдайлар жасау

2015 жылы сыртқы тұрақсыздандырушы факторлардың, сондай-ақ ішкі макроэкономикалық тенгерімсіздіктердің күшеюі мүше мемлекеттердің орнықты экономикалық даму перспективаларына теріс әсер етті және мүше мемлекеттер экономикаларының негізгі секторларында іскерлік белсененділіктің бәсендеуіне әкеліп соқты.

Мүше мемлекеттердің негізгі экспорттық тауарларына сыртқы сұраныстың және олардың бағаларының төмендеу жағдайларында ұлттық экономикалардың ағымдағы қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз ете алмайды әрі орта және ұзак мерзімді кезеңдерде экономикалық даму үшін қолайлы жағдай жасай алмайды.

Осыған байланысты Одақ шеңберінде экономикалық интеграция мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, мүше мемлекеттердің өндірістік әлеуетін өсіру, әртараптандыру және іске асыру арқылы экономикалық өсімнің ішкі көздерін дамыту мүше мемлекеттер үшін төтенше маңызды міндет болып табылады.

Ішкі өндірістік көлемдерді ұлғайту және өнімділікті арттыру үшін мүше мемлекеттер бюджеттерінің шектеулі жағдайларында экономиканың нақты секторына инвестициялар ағынын ынталандыру және кәсіпорындарға негізгі құралдарды құру мен молықтыруға салымдарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қаржы ресурстарын тарту көздерін әртараптандыру қажет. Бұл импортқа тәуелділікті төмендешу мен мүше мемлекеттердің қосымша құны жоғары өнімі мен кооперациялық негізде өндірілген

өнімін сыртқы нарықтарға шығару мақсатында өндірістік қуаттарды қайта жарақтандырудың және жаңғыртудың қосымша мүмкіндіктерін береді.

Одакта өндірілетін өнімді өткізу нарықтарын кеңейту және мүше мемлекеттердің үшінші елдермен сауда-экономикалық қатынастарын тауарлық және географиялық әртаратандыруға жәрдемдесу, сондай-ақ кедендейтін реттеуді жетілдіру мен транзиттік және аралас тасымалдарды дамыту мүше мемлекеттердің экспорттық әлеуетін іске асыруға ықпал ететін болады және мүше мемлекеттерге валюталық түсімдердің көлемдерін ұлттық қана қоймай, сонымен қатар жаһандық өндірістік-өткізу тізбектеріне неғұрлым белсенде қосылу есебінен ұлттық өндірісті дамыту мүмкіндігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мүше мемлекеттерде экономикалық қызметті жандандыруға өзара сауданы дамыту және мүше мемлекеттер үшін экономиканың маңызды секторларында өзара іс-қимылды нығайту, оның ішінде бірыңғай цифрлық кеңістікті қалыптастыру мен пайдалану арқылы нығайту елеулі серпін береді. Осы бағытта тиімді және өзара пайдалы ынтымақтастықты дамытуға экономиканың осы секторларында ортақ және бірыңғай нарықтарды одан әрі қалыптастыруды қоса алғанда, Одактың интеграциялық мүмкіндіктерін пайдалану, сондай-ақ өзара қол жеткізу үшін кедергілерді, мүше мемлекеттердің тауарларына, қызметтер көрсетуіне және жұмыс күшіне қатысты алып қоюлар мен шектеулерді айқындау мен жою ықпал етеді.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін 2016-2017 жылдары мүше мемлекеттерге Одак шенберінде мынадай бірлескен шаралар мен ұлттық шараларды іске асыру қажет.

Мыналарды:

экономиканың интеграциялық әлеуеті бар салаларды айқындауды;

үшінші елдер өнімінің Одак өнімімен, оның ішінде мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік кешендерін дамыту арқылы импорт алмастыруды;

инновациялық белсенделілікті ынталандыру және инновациялық технологияларды енгізу үшін жағдай жасауды;

жоғары технологиялық өндірістерді, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешен саласында дамытуды ынталандыру мақсатында мүше мемлекеттердің бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын жүргізуі үйімдастыру тетіктерін әзірлеуді;

орта және шағын бизнесі қолдаудың кешенді шараларын іске асыруды;

мүше мемлекеттердің экономикаларына интеграциялық процестердің макроэкономикалық және салалық тиімділіктерін бағалау үшін қағидаттар мен ұстанымдар әзірлеу мен келісуді қоса алғанда, мүше мемлекеттердің экономикаларын әртаратандыру.

Мыналарды:

басым жобаларға қаржы қаражатын мақсатты бөлудің тиімді тетіктерін одан әрі дамытуды;

ұздік халықаралық практикаларды, мүше мемлекеттердің неғұрлым прогрессивті моделдерін, үшінші елдер мен интеграциялық бірлестіктердің ұздік тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік-жекеше әріптестік тетіктерін қолдану аясын реттейтін мүше мемлекеттердің заңнамасын жетілдіруді;

Одақ капиталының ортақ нарығының мүмкіндіктерін пайдалануды қоса алғанда, мүше мемлекеттердің ішкі нарықтарына қарыз беруді жандандыруды;

халықаралық ұйымдардың рейтингтерінде, оның ішінде мүше мемлекеттер экономикаларының инвестиациялық тартымдалығын арттыру мақсатында интеграцияландыру шенберіндегі маңызды мәселелер бойынша тәжірибе алмасу арқылы мүше мемлекеттердің ұстанымдарын ілгерілетуді қамтамасыз ететін шараларды іске асыруды;

ұзақ мерзімді банктік кредиттеу үшін, оның ішінде мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарында ұзақ мерзімді салымдардың тартымдылығын арттыру арқылы жағдай жасауды;

дамудың өнірлік институттарының (Еуразиялық тұрақтылық пен даму қоры, Еуразия даму банкі) қаржылық мүмкіндіктерін пайдалануды жандандыруды қоса алғанда, негізгі капиталға инвестициялардың көлемін арттыру мақсатында қаржы қаражатының көздерін кеңейту және кредиттік ресурстардың қолжетімділігін арттыру.

Мыналарды:

өзара қол жеткізу үшін Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуіне кедергі келтіретін тосқауылдарды, сондай-ақ тауарлардың, қызметтер көрсетудің, капиталдың және жұмыс күшінің қозғалысына қатысты алып қоюлар мен шектеулерді айқындау және жою бойынша жұмысты жалғастыруды;

Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық кеңістігін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді;

мүше мемлекеттердің агроенеркәсіптік кешенін дамытудың бірлескен болжамын дайындауды;

ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түліктің негізгі түрлері бойынша мүше мемлекеттер сұранысы мен ұсыныстарының болжамдарын дайындауды;

ортақ электр энергиясы нарығын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды айқындау бойынша жұмысты аяқтауды және оларды іске асыруды бастауды;

Одақта газдың ортақ нарығын, Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру мақсаттарын, қағидаттарын және міндеттерін айқындау бойынша жұмысты аяқтауды;

Одақта газдың ортақ нарығын, Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды айқындауды;

қабылданған әдіснама негізінде Одақтың газдың, мұнай және мұнай өнімдерінің индикативтік (болжамдық) баланстарын әзірлеуді қоса алғанда, өзара сауданы жандандыру және Одақтың ішкі нарығын дамыту.

Мыналарды:

әлемдік нарықта Одақтың мұдделерін ілгерілетуге бағытталған үшінші елдермен сауда-экономикалық қатынастарды дамытуды;

үшінші елдермен еркін сауда туралы келісімдер жасасу бойынша келіссөздерді, сондай-ақ мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссияның мұндай келісімдер жасасу орындылығын зерделеуге бағытталған мүше мемлекеттердің сауда әріптерімен бірлескен жұмысын жалғастыруды;

коопeraçãoлық негізде өндірлген өнім экспортын кредиттеу, сақтандыру және қолдаудың басқа да түрлерінің тетіктерін дамытуды және іске асыруды;

үшінші елдермен ақпараттық алмасуды, оның ішінде Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы ақпаратпен алмасуды ұйымдастыру үшін жағдай жасауды;

жүктөрді жеткізуі жеделдегу және көлік қызметтерін көрсетудің сапасын жақсарту мақсатында транзиттік және аралас тасымалдарды дамытуды;

мүше мемлекеттер үшін барынша қолжетімді жобалардың басымдығын қамтамасыз ете отырып, Одақтың және Жібек жолының экономикалық белдеуінің құрылымын процестерін ұштастыру шеңберінде мүше мемлекеттердің көлік және инфрақұрылым саласындағы бірлескен жобаларын іске асыру үшін жағдай жасауды;

сыртқы экономикалық қызмет жүргізу жағдайларын жақсартуға, кедендік операцияларды жетілдіру тәртібін оңтайландыруға, электрондық құжат айналымын енгізуге, мүше мемлекеттердің және жалпы Одақтың транзиттік әлеуетін дамытуға бағытталған кедендік реттеуді жетілдіруді;

Одақ шеңберінде кедендік транзит кезінде бірыңғай кепілдендірілген тетіктерді жетілдіруді;

мүше мемлекеттерде мүше мемлекеттердің "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін одан әрі дамыту мен жақындастыру үшін әкімшілік, ұйымдастырушылық және құқықтық жағдай жасауды;

мемлекеттік бақылау нысандарының тиімділігі артқан кезде сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті мемлекеттік рәсімдерді жүзеге асыруға арналған еңбек, уақыт және қаржы шығындарын қысқаруға бағытталған шараларды іске асыруды қоса алғанда, сыртқы сауданы дамыту және өткізу нарықтарын әртаратандыру.

Көрсетілген шаралардың кешенін орындау мүше мемлекеттердің ішкі мүмкіндіктерін жандандыру мен әртаратандыру және Одақтың экономикалық интеграциясының әлеуетін пайдалану есебінен олардың экономикаларының орнықты экономикалық өсудің траекториясына қайтып келуіне ықпал ететін болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК